


Сабақтың тақырыбы:

Инерция. Күш-денелердің өзара әрекеттесуін сипаттайтын шама.

Үй тапсырмасын тексеру:

Лабиринт ойыны.

Жерден айға ұшып жету үшін, латын әріптері арқылы қандай физикалық шамалар белгіленгенін айтыңыз.



Жан-жақты білімдерін тексеру:

Физикалық диктант

Мына қозғалыстар түзу сызықты ма, әлде қисық сызықта ма?

Стадион жолымен 3000 м жүгіріп келген спортшы;

Лифт кабинасы; _____

Желсіз ауадағы жаңбыр тамшысы; _____

Жазу кезіндегі қарындаш. _____

Сөйлемдерді аяқтаңдар:

Жол дегеніміз – _____

Орын ауыстыру дегеніміз - _____

Біз таксиге не үшін төлейміз: жолы үшін бе, әлде орын ауыстыру үшін бе? Ұшаққа ше?

Кестемен жұмыс


Төмендегі денелердің қайсысы түзу сызықпен, қайсысы қисық сызықпен қозғалады: станция платформасымен жүрген пойыз, метрополитеннің эскалаторының баспалдағы, жол бұрылысындағы велосипеді, сағаттың минуттық тілі, тақтайға қағылып жатқан шеге, өткеншектегі бала, Жердің жасанды серігі.

Түзусызықты	Қисықсызықты

Жаңа сабақты түсіндіру:

Денеге басқа денелер әрекет етпеген кездегі жылдамығын сақтау құбылысы **инерция** деп аталады (латынша инерция-қозғалыста емес, әрекетсіздік)





**Инерция ұғымын физикаға
енгізген Галилео Галилей**

Инерция күнделікті тұрмыста



Пайдасы:

- Инерцияның термометрде пайда болуы;
- Балғаны саптау;
- Кілемдегі шаң-тозаң;
- Орбитада ұшқан зымыран;


Зияны:


- Жол апаты, жаяу жүргіншіге соқтығысу ;
- Ат жарысы;
- Сөндірілген құрал;

Күш-денелердің өзара әрекеттресуін сипаттайтын шама.



Әртүрлі денеге әртүрлі күш түсіреміз.
Демек, күштің сан мән көп те, аз да болуы мүмкін.
Күш сандық мәнімен және бағытымен сипатталатын
физикалық шама болып табылады.





Күшті F әрпімен белгілейміз.
SI жүйесінде күш бірлігіне **ньютон (Н)**
алынған. 1Н – тыныштық күйіндегі
массасы 1 кг денеге 1 с ішінде 1 м/с

Жаңа сабақты бекіту:

Дұрыс жауап таңдаңыз!

1. Инерция дегеніміз не?
 - А. Жылдамдықтың өзгеру құбылысы
 - Ә. Денеге басқа денелер әрекет етпеген кездегі жылдамығын сақтау құбылысы
 - Б. Денелердің өзара әрекеттресуі
2. Күш дегеніміз
 - А. денелердің өзара әрекеттресуін сипаттайтын шама.
 - Ә. Скаляр шама
 - Б. қозғалмайтын шама
3. Қандай жағдайда инерция пайда болады?
 - А. желдің соғуы
 - Ә. Кілемнен шаң-тозаңның көтерілуі.
 - Б. қозғалған автомобильдің күрт тоқтауы.
4. Инерция құбылысын физикаға енгізген кім?
 - А. И.Ньютон
 - Ә. Г.Галилей
 - Б. Н.Коперник
5. Инерция латын тілінен аударғанда қандай мағынаны береді?
 - А. қозғалыста емес
 - Ә. Қозғалған дене
 - Б. тыныштықтағы дене

Сабақты қорыту: БҮҮ кестесін толтыру

Білемін	Үйрендім	Үйренгім келеді

Үйге тапсырма:

1. §21-22, §25 оқу, түсінік.
2. 12-тапсырма, №1-2
3. Реферат: «Галилео Галилей», «Исаак НЬЮТОН еңбектері»